



## ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Еуразия гуманитарлық институты өзін жоғары оқу орны ретінде көрсете отырып, педагогикалық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша қазіргі заманғы жоғары білікті мамандарды даярлау міндетін шешеді.

Институттың сапа саласындағы саясаты мәлімделген миссиясына сәйкес және Қазақстан экономикасының түрлі салалары, соның ішінде, инновациялық сала үшін кәсіби кадрларды дайындауға; бітірушінің бойында маңызды негізгі тізбе мен кәсіби құзыреттілікті тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламалары мен жаңа буын технологияларын әзірлеуге; білім беру, ғылым мен инновациялық қызмет интеграциясына, институтты әлемдік білім сапасы стандарттарына көшіруге; тәрбиелеу үдерісін жаңғырту және жүйелі жетілдіруге, жоғары мәдени сапаны және академиялық адалдық пен еркіндікті дамытуды қолдауға бағытталған.

Жоғары білім беру жүйесін дамыта отырып, ЕАГИ жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында кадрларды даярлауға, өзіндік интерфейсі бар қабілетті, ең жаңа білім беру технологияларының көрсетілімін жалпы білім беретін орта мектепке, оның ішінде, кәсіби қоғамдастықтан алыстағы (ауылдық жерлердегі шағын жинақталған мектептерге және т.б.), жеткізуді қамтамасыз ететін жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруға ерекше назар аударады. Институтта жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары міндетті түрде пәнаралық сала бойынша жаңа мамандарды дайындауға бағытталған. Шығарылатын мамандардың бәсекеге қабілеттілігі ЖОО-ның материалдық-техникалық базасын және персоналын дамытумен, маркетингке, ең алдымен, жұмыс берушілер мен инвесторлардың сұранысына бағдарланған озық технологияларды және жаңа білім беру бағдарламаларын енгізумен қамтамасыз етіледі.

Институт басшылығы білім берудің жаңа технологияларын тиімді пайдалану және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізу, институт қызметкерлері мен білім алушыларын материалдық және моральдық ынталандырылуын әлеуметтік қамтамасыз етуді жетілдіру негізінде профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың еңбек пен оқыту жайына қанағаттану деңгейін көтеру, институт инфрақұрылымын қалыптастыру, институттың білім беру қызметін көрсету нарығындағы сенімді серіктес ретіндегі ұстанымын нығайту, түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіру үшін қажетті жағдайлар жасайды. ЕАГИ ұжымның барлық мүшелерінің іс жүзінде ЖОО-да оқытудың мазмұны, құрылымы және әдістері, білім беру сапасын тиімді басқару, білім беру қызметтерін тұтынушыларға және тәрбие процесіне бағдарлау сияқты жағдайларды жасау үдерісіне тартылуы педагогика, экономика және құқық саласындағы жетекші ЖОО ұстанымына жетуге және оны нығайтуға мүмкіндік береді.

Ректор

А. Құсайынов

2018 ж. 28 желтоқсандағы №202 бұйрықпен бекітілген